



БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 8D05301-Химия

**БІЛІМ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫ
Ң МАҚСАТЫ**

Кәсіби және ғылыми құзыреттерге ие, өмір бойы өз бетінше білім алуға және біліктілігін арттыруға, бәсекеге қабілетті, құзыретті ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫ**

Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ ғылыми қызмет, білім берумен байланысты мемлекеттік реттеу салалары

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 -жаратылыстану ғылымдары мен химияның іргелі бөлімдері саласындағы терең білімді көрсетеді, эксперименттік және теориялық химияның таңдалған саласында дербес ғылыми зерттеулер жүргізеді;

ОН2 -оқу пәндерінің бөлімдері бойынша дәріс және практикалық сабақтардың жоспарларын әдістемелік жағынан сауатты құрады және бекітілген оқу-әдістемелік құралдарға сәйкес оқу пәндерінің теориялық және практикалық бөлімдерін баяндайды;

ОН3 – білім берудің әртүрлі салаларындағы мәселелерді жүйелі шешуге бағытталған іргелі зерттеулер мен ғылыми-практикалық инновациялық мәліметтерді қорытындылайды;

ОН4 – ғылыми-техникалық прогрестің дамуын халықаралық практиканы ескере отырып, химия ғылымының даму үрдістерін ғылыми түсіндіре алады;

ОН5 – заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, өз бетінше жаңа білім ала алады;

ОН6 – кешенді химиялық зерттеулер контекстінде салалық, өңірлік, ұлттық және жаһандық проблемаларды түсінеді, қоршаған ортаның өзгеретін жағдайларына бейімделе отырып әр түрлі пікірлерді ескеріп, басқарушылық шешімдер қабылдай алады;

ОН7 – қазіргі заманауи химия бойынша ұлттық және халықаралық деңгейде жариялауға лайық еңбектерімен, өзінің ғылыми зерттеулерін; ғылыми тұрғыдан маңызды зерттеулерді жобалау, енгізу және бейімдеу қабілетін көрсетеді;

ОН8 - теориялық және әдіснамалық талдау дағдыларын меңгерген, болжау және жоспарлау әдістерін практикада қолдана алады, сондай-ақ зерттеу және практикалық міндеттерді шешу үшін мамандық бойынша және пәнаралық білімді синтездейді;